

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 1-беті




САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

«АНТИПЛАГИАТ» ЖҮЙЕСІ НЕГІЗІНДЕ ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРДЫ ТЕКСЕРУ ТУРАЛЫ

ЕРЕЖЕ

СМЖ ОҚПУ Е 7.18-2025

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Келісілді:		
Басқарма мүшесі- Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректор		Керімбеков Е.Р.
Басқарма мүшесі-Академиялық мәселелер жөніндегі проректор		Кудышева А.А.
ІТ департаментінің директоры		Инкарбеков С.А.
Стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі басшысының у.м.а		Иманбердиева М.Н.
Заң бөлімінің басшысы		Амирхан М.А.

Қызметі	Қолы	Аты-жөні
Әзірлеген:		
Ғылыми басылымдар бөлімінің бас маманы		Сабырханова Г.

Құжаттың жарамдылық мерзімі: « <u>25</u> » <u>01</u> 20 <u>25</u> ж. « <u>25</u> » <u>01</u> 20 <u>25</u> ж. дейін ұзартылды: « <u> </u> » <u> </u> 20 <u> </u> г.	Енгізілді: № <u>4</u> бұйрық Енгізілген күні: « <u>25</u> » <u>01</u> 20 <u>25</u> ж.	СМЖ ОҚПУ Е 7.18-2025 Басылым 1 Тіркеу № <u>1</u> Көшірме № <u> </u>
---	--	--

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 2-беті

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	3
2	Нормативтік сілтемелер	3
3	Терминдер мен анықтамалар	4
4	Белгілеулер мен қысқартулар	4
5	Жауапкершілік және өкілеттіліктер	5
6	Процестің сипаттамасы	5
А қосымшасы Қабылдау формасы және нұсқаулығы		11
Б қосымшасы Өзгерістерді тіркеу парағы		12

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 3-беті

1 Қолданылу саласы

1.1 Бұл ереже «Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің» (әрі қарай-университет) КЕАҚ білім алушыларының, оқытушы -профессорлардың жазбаша жұмыстарын дербес орындауы бұл жұмыстардың оқу үдерісі элементтері ретінде ғылыми жұмыста біліктіліктерін арттырудың қажетті шарты болып табылады.

1.2 Ереже университеттің білім алушыларының, профессор-оқытушыларының жазба жұмыстарының өз бетінше орындалуын тексеру, өзіндік дәрежесін анықтау, ізденушінің жауапкершілігін, осы ереженің қағидаларын сақтамағаны үшін қабылданатын шараларды, сондай-ақ Ереже талаптары бұзылған жағдайда университеттің Басқарма төрағасы - ректоры және Ғылыми жұмыстар және инновациялар жөніндегі проректоры шешім қабылдайды.

1.3 Бұл ереже Университеттің студенттері орындаған қорытынды біліктілік жұмыстарын (дипломдық жұмыстары), магистранттар мен докторанттардың жүзеге асырған диссертациялық жұмыстарын, профессор-оқытушылардың монографияларын, авторлық оқулықтарын, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдар, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс), Scopus базаларындағы ғылыми журналдарға жариялауға ұсынылатын ғылыми мақалаларды, сараптамалық қорытындылар алу үшін ұсынылған ғылыми мақалалардың өзіндік орындау дәрежесін анықтау үшін тексеру тәртібін анықтайды.

1.4 Ереже университеттің білім беру және ғылыми қызметті жоғары деңгейде ұйымдастыру мен сапасын жақсарту, білім алушылардың және профессор-оқытушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру, азаматтардың және заңды тұлғалардың зияткерлік меншік құқықтарын сақтау үшін енгізіледі.

1.5.Бұл ережені орындау кафедра, ғылыми және басқа құрылымдық бөлімшелер, ғылыми және педагогикалық қызметкерлер, университет студенттері, магистранттары, PhD докторанттары үшін міндетті болып табылады.

1.6 Ереже авторлық құқық объектісі болып табылады және оны университеттің Басқарма төрағасы-ректордың рұқсатынсыз басқа ұйымдарға беруге тиым салынады.

2 Нормативті сілтемелер

2.1 Ереже мынадай нормативтік құжаттардың талаптарын ескере отырып әзірленді:

27 шілде 2007 жылғы № 319-III «ҚР Білім туралы» Заңы;

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 4-беті

«Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығына өзгерістер Білім және ғылым министрінің Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен бекітілген).

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазан № 604 бұйрығымен бекітілген)

Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген).

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары. (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығымен бекітілген).

Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жапыға міндетті білім беру стандарттары. (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ҒКК – те жұмыстардың өту пайыздары № 3 хаттамамен 2022 жылы 04 ақпанда бекітіліп, оған өзгеріс 22 желтоқсанда жасалды.

Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетінің ҒКК – те жұмыстарды жүйеде тексеруге байланысты өзгерістер № 4 хаттамамен 2025 жылдың 25 қаңтарында бекітілді.

«Дәрежелерді беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 127 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2025 жылғы 6 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6951 болып тіркелген).

3 Терминдер мен анықтамалар

Осы Ереже ҚР СТ ИСО 9000:2007 талаптарына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылды.

Плагиат (лат. Plagio – ұрлау, ұрлық) – басқа автордың ғылыми идеяларын және еңбектерін әдейі иемдену, шығарма үзінділерін жөн-жобасыз алып, пайдаланған дерек көзін көрсетпей өз еңбегінде пайдалану.

Эксперт – «Антиплагиат» жүйесі арқылы Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің атынан жұмыстарды базаға жүктеуге құқылы бекітілген жауапты мекеменің қызметкері.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 5-беті

Кафедра нормабақылаушысы – кафедра меңгерушісімен жұмыстарды реттеп, тексеріп, үйлестіретін оқытушы;

Мәтіннің түпнұсқалығы – бірегей элементтердің (сөздер, сөйлемдер) барлық элементтермен арақатынасы;

Құжаттың түпнұсқалығының қорытынды бағасы – мәтіннің түпнұсқалық көлемінің заңсыз иемденген көлеміне қатынасы.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы ереже мынадай белгілеулер мен қысқартулар қолданылды:

КЕАҚ – коммерциялық емес акционерлік қоғам;

ОҚПУ – «Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет»;

Е – ереже;

СБӨ – сапа бойынша басшылықтың өкілі;

СЖЖМБ – стратегиялық жоспарлау және менеджмент бөлімі;

ҒКК – Ғылыми координациялық кеңес;

ОПҚ-оқытушы-профессорлар құрамы;

ҚБЖ – қорытынды біліктілік жұмысы (дипломдық жұмысы);

ЖИ - жасанды интеллект.

5 Жауапкершілігі мен өкілеттілігі

5.1 Осы ережені университеттің Басқарма төрағасы - ректоры бекітеді.

5.2 Университет ректорының бұйрығымен ұйымдастырушы – «Антиплагиат» жүйесін басқарып отыратын жауапты қызметкер тағайындалады. Өзбекәлі Жәнібеков атындағы ОҚПУ-нің эксперттері – ғылыми басылымдар бөлімінің эксперттері және әр кафедраның меңгерушісіне жауапкершілік жүктеледі.

5.3 Университетте кафедралардың меңгерушісі мен нормабақылаушысы жұмыстың талапқа сай және грамматикалық қателіктерін тексеруге тағайындалады.

5.4 Эксперттер жазба жұмыстарын қабылдау және тексеруді, тексеру хаттамаларын қалыптастыруды және авторларға беруді ұйымдастырады. Барлық жазба жұмыстардың электронды нұсқасын ғылыми басылымдар бөліміне университеттің қолжазба қорын толықтыру үшін тапсырады.

5.5 Ережеге өзгерістерді Ғылыми басылымдар бөлімінің басшысы "Өзгерістерді тіркеу парағына" (Б қосымшасы) міндетті түрде белгі қоя отырып енгізеді.

6 Процестің сипаттамасы

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Бұл ереже жазба жұмыстардың плагиатқа тексеру тәртібін анықтайды.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 6-беті

Білім алушылардың келесі оқу жұмыс түрлері міндетті түрде тексеріледі:

- бакалаврлардың дипломдық жұмыстары (жобалар)
- магистранттар, докторанттардың ғылыми диссертациялары.

6.1.2 ОПК шығарған келесі жазбаша жұмыстары міндетті түрде тексеріледі:

- монографиялар;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдардың, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс), Scopus базаларындағы ғылыми журналдарға жариялауға ұсынылатын ғылыми мақалалар;

- сараптамалық қорытынды алу үшін ұсынылған ғылыми мақалалар.

6.1.3 Білім алушылардың жұмыстарын тексеру үшін толық нұсқада (текстік электронды форматта) кафедра нормабақылаушысы өткізеді. Тексеру кестесі факультет және кафедраларға жұмысты тексеру адында жіберіледі. Білім алушылардың жазбаша жұмыстарын тексеру белгіленген нысанда А қосымшасы арқылы жүргізіледі.

6.1.4 Бір жұмыстың өз бетінше орындау дәрежесін анықтау үшін тексеру 2 реттен артық өткізілмейді.

6.1.5 Жұмыстардың өз бетінше орындау дәрежесін анықтау үшін тексеру «Антиплагиат» жүйесі негізінде іске асырылады.

6.1.6 «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстар түрлерін тексеру үшін төмендегі мерзім белгіленеді:

- дипломдық жұмыстары (жобалар) комиссиясының жұмысы басталардан алдын белгіленген кесте бойынша;

- магистрлік және докторлық ғылыми диссертациялар қорғаудың алдында белгіленген кесте бойынша;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдардың, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс), Scopus базаларындағы ғылыми журналдарда жариялауға ұсынылатын ғылыми мақалалар, сараптамалық қорытынды алу үшін ұсынылған ғылыми мақалалар баспаға ұсынуға дейін 3 апта бұрын;


- монографиялар - Ғылыми кеңес мәжілісінен бұрын ұсынылады.

6.1.7 «Антиплагиат» жүйесі негізінде тексеру төменде көрсетілген мерзімде іске асады:

- дипломдық жұмыстар (жобалар) – жұмыс қорғауға кіруге дейін тексеруден өту міндетті;

- магистрлік және докторлық ғылыми диссертациялар – жұмыс қорғауға кіруге дейін тексеруден өту міндетті;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынатын ғылыми басылымдар, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс), Scopus базаларындағы ғылыми журналдарда жариялауға ұсынылатын

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 7-беті

ғылыми мақалалар, сараптамалық қорытынды алу үшін ұсынылған ғылыми мақалалар – 3 жұмыс күн ішінде қаралады;

- авторлық оқулық – 3 жұмыс күн ішінде қаралады.

- монографиялар – 3 жұмыс күн ішінде қаралады.

6.1.8 Төменде көрсетілген критерийлерге сай жазылған жұмыс «тексеруден өтті» деп есептеледі және межелі нормаға сәйкестігі туралы анықтама беріледі:

- дипломдық жұмыстардың (жобалар) – түпнұсқалығы 60%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 40%-дан аспаған жағдайда;

- магистрлік диссертация – жұмыстың түпнұсқалығы 75%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 25%-дан аспаған жағдайда;

- докторлық ғылыми диссертациялар – жұмыстың түпнұсқалығы 85%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 15%-дан аспаған жағдайда;

- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдар, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс), Scopus базаларындағы ғылыми журналдарда жариялауға ұсынылатын ғылыми мақалалар, сараптамалық қорытынды алу үшін ұсынылған ғылыми мақалалар – жұмыстың түпнұсқалығы 90%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 10%-дан аспаған жағдайда;

- авторлық оқулық – жұмыстың түпнұсқалығы 70%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 30%-дан аспаған жағдайда;

- монографиялар – жұмыстың түпнұсқалығы 85%-дан асқан жағдайда және бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі 15%-дан аспаған жағдайда.

6.1.9 Жазбаша жұмыста бөтен мәтіннен көшірілген мәлімет көлемі Ережеде белгіленген үлестен асқан жағдайда теріс шешім қабылдауға әкеп соғады. Жұмыс қорғауға (жариялауға) жіберілмейді және автордың беделіне нұқсан келеді.


6.1.10 «Антиплагиат» жүйесі арқылы сыналмаған жұмыстардың авторлары белгіленген мерзімде жұмысты қайта қарауға және қайта сараптауға құқығы бар.

6.1.11 Барлық жазба жұмыстарының электрондық нұсқасы жазбалар қорын қалыптастыру үшін университеттің Ғылыми басылымдар бөліміне тапсырылады.

6.2 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) тексеру

6.2.1 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) плагиатқа тексеруді эксперт жүзеге асырады.

6.2.2 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) плагиатқа тексеру алдында соңғы жұмыстарды кафедраның меңгерушісі және нормабақылаушы

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 8-беті

толықталапқа екендігін және грамматикалық қателіктерін тексереді. Талапқа сай келмеген жағдайда жұмыстарды тексеруге рұқсат етілмейді. Нормабқылаушыны кафедра меңгерушісі тағайындайды.

6.2.3 Кафедра нормабқылаушының жауапкершілігіне бітірушілердің дипломдық жұмыстарын (жобаларын) толық соңғы электрондық нұсқасын Ғылыми басылымдар бөлімінің почтасына плагиатқа тексеруге лимит алу үшін жіберіледі

6.2.4 Дипломдық жұмысты (жобаны) «Антиплагиат» жүйе арқылы плагиатқа бекітілген мерзімде тексеру кафедраның меңгерушісі жауапкершілігіне жатады.

6.2.5 Дипломдық жұмыстың (жобаның) «Антиплагиат» жүйе арқылы плагиатқа тексеру нәтижесін бітірушіге қағаз жүзінде анықтама беріледі.

6.2.6 Плагиатқа тексеру туралы анықтама диплом қорғаудың алдында кафедраға ұсынылады.

6.2.7 Дипломдық жұмыстың (жобаның) плагиатқа тексеру нәтижелерін талдау негізінде ғылыми жетекші жұмысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдайды.

6.2.8 Егер плагиатқа тексеруден кейін кемшіліктер жойылмаса, немесе білім алушының Ережеде көрсетілген мерзімде түрлі себептермен плагиатты жоюға қабілетсіздігі айқындалса, жұмыс қорғауға жіберілмейді, қайта жөндеуге жатады және қорғау мерзімі келесі жылға қалады. Білім алушы оқу жоспарын орындамаған болып саналып, университеттен шығарылады.

6.2.9 Барлық қорғауға жіберілген дипломдық жұмыстардың электрондық нұсқасы кафедра нормабқылаушылары Ғылыми басылымдар бөлімінің почтасына, яғни университеттің дипломдық жұмыстар қорына енгізу үшін тапсырады.

6.3 Магистрлік және докторлық диссертацияларды тексеру

6.3.1 Магистрлік және докторлық диссертациялар қорғау алдында олардың соңғы электрондық нұсқасын эксперт Ғылыми басылымдар бөлімінің почтасына плагиатқа тексеруге лимит алу үшін жіберіледі.

6.3.2 Магистрлік және докторлық диссертациялардың соңғы электрондық нұсқасы бекітілген эксперттерге жіберіліп плагиатқа тексеріледі.

6.3.3 Егер диссертацияның мәтіні түпнұсқалық нормаларға сәйкес келмесе, жұмыс авторға толық ескертулерімен және тексеру анықтамасымен 2-ші ретке қайта қарау үшін қайтарылады.

6.4 Монографияларды тексеру

6.4.1 Монография авторлары қолжазбаларының электрондық нұсқасын Ғылыми басылымдар бөлімінің почтасына плагиатқа тексеруге ұсынады.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 9-беті

6.4.2 Ғылыми басылымдар бөлімі 3 жұмыс күні мерзімінде монографияны «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеруді ұйымдастырады және авторға тексеру хаттамасын береді.

6.4.3 Монография мәтінінің түпнұсқалығы ережеге сәйкес келмесе, авторға 2-ші ретке қайта өңдеуге қайтарылады.


6.5 Ғылыми мақалаларды тексеру

6.5.1 Автор Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған ғылыми басылымдарда, Clarivate Analytics (Кларивэйт Аналитикс), Scopus базаларындағы ғылыми журналдарда жариялауға жолданатын ғылыми мақалаларды, сараптамалық қорытынды алу үшін жіберілетін ғылыми мақалаларды Ғылыми басылымдар бөліміне ұсынады және бөлім маманы оларды «Антиплагиат» жүйесі арқылы тексеруді ұйымдастырады және авторға тексеру хаттамасын береді.

6.6 Ғылыми жұмыстарды жазу барысында генеративті жасанды интеллектті қолдану

Егер авторлар жұмыстарды жазу кезінде генеративті жасанды интеллект (ЖИ) және қолдау көрсетілетін және технологияларды қолданса, оларды қолдану тілдің оқылуы мен сапасын жақсартумен шектелуі керек. Барлық жасанды интеллект операциялары адамның бақылауымен және бақылауымен жүргізілуі керек, ал авторлар нәтижелерді мұқият тексеріп, редакциялауы керек, өйткені жасанды интеллект қате, толық емес немесе біржақты болуы мүмкін қорытындылар шығаруы мүмкін. Ұсынылған қолжазбаларда кескіндерді жасау немесе өзгерту үшін генеративті және немесе оның негізіндегі құралдарды пайдалануға тыйым салынады. Бұған суреттерге немесе схемаларға жақсарту, күңгірттеу, жылжыту, жою немесе белгілі бір мәліметтерді қосу сияқты өзгерістер кіреді. Егер бұл өзгерістер түпнұсқадағы ақпаратты жасырмаса және жоймаса, жарықтығын, контрастын немесе түс балансын реттеуге рұқсат етіледі.

Авторлар ЖИ бағдарламаларын қолданудың нақты саясатын ұстануға және мазмұнның дұрыс атрибуциясын қамтамасыз етуге міндетті. Мүмкіндігінше, авторлардан редакцияға ЖИ-пен түзетілген суреттердің алдын-ала нұсқаларын және/немесе соңғы кескіндерді жасау үшін бастапқы деректерді беруді сұрауға болады. Мысалы, графикалық абстракциялар үшін генеративті ЖИ көмегімен өнер туындыларын жасауға жол берілмейді. Жоғарыда келтірілген нұсқаулар тек жазу процесіне қатысты және зерттеу процесінің бөлігі ретінде деректерді талдау және алу үшін жасанды интеллект құралдарын қолдануға қатысты емес. Бұл саясат ресми зерттеулерді немесе зерттеу әдістерін жоспарлау кезінде ЖИ және тиісті құралдарды пайдалануды шектемейді, бұл көптеген салаларда кең таралған тәжірибе. Дипломды, ғылыми жұмыстарды, мақалаларды, диссертацияны, дайындау үшін **жасанды интеллект** технологияларын қолданған кезде

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	12 беттің 10-беті

оның ғылыми нәтижелерін, ережелерін, ұсынымдары мен қорытындыларын автор өз бетінше тұжырымдауы керек.

Қолданылған **жасанды интеллект** технологияларына сілтеме жасалу міндетті.

Академиялық адалдық принципі диссертация авторының басқа авторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтауын және: мәтінді, идеяларды, гипотезаларды, қорытындыларды, әдістерді, зерттеу нәтижелерін, кестелерді, кодтарды, суреттерді немесе басқа авторлардың жұмыстарын авторына және мәтінді пайдалану дереккөзіне сілтеме жасамай пайдалану және (немесе) иелену, сондай-ақ басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны өзгертусіз сөздерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен басқа авторлардың мәтінін пайдалану (**плагиат**);

атауын, өндірушіні (құқық иесін) нұсқасын және жүгіну және (немесе) пайдалану күнін көрсететін **сілтемесіз жасанды интеллект технологиясын пайдалану**;

Нормативтік құқықтық актілер мен ресми құжаттар атауларының, мемлекеттік және өзге ресми органдар мен ұйымдар атауларының, тиісті ғылым саласында жалпы қабылданған терминдердің, анықтамалар мен ұғымдардың, нормативтік құқықтық актілер мәтіндерінің, зерттелетін шығармалар мәтіндерінің сәйкес келуі, егер оларды пайдаланудың көлемі және сипаты орындалған диссертацияның дербестігіне күмән тудырмаса, плагиат болып саналмайды. Плагиатты табу мүмкіндігін азайту немесе жою мақсатында техникалық құралдар мен әдістерді, оның ішінде **жасанды интеллект технологияларын қолдануға жол берілмейді**.

Зерттеудің эмпирикалық әдістерін жүргізу кезінде **жасанды интеллектіні** 13 жасқа дейінгі балаларға қатысты пайдалануға жол берілмейді. "ҚБП" және "құпия" грифтері бар жұмыстарды жазған кезде **жасанды интеллект технологияларын** пайдалануға жол берілмейді.;

Диссертациялық жұмыстарда пайдаланылатын халықаралық дәйексөз алу стильдерін (Harvard style (Гарвард стилі), APA (American Psychological Association) Style (APA стилі), MLA (Modern Language Association) Style (MLA стилі), Chicago Style (Chicago стилі), ACS (American Chemical Society) Style (ACS стилі) немесе дайындық бағытына байланысты басқа да стильдерді), технологияның атауын, өндірушіні (құқық иесін), нұсқасын, жүгіну және қолдану күнін, сондай-ақ диссертациялық жұмыста пайдаланылған нәтижелер алынған сұраулардың сипаттамасын көрсете отырып, пайдаланылған **жасанды интеллект** технологияларына сілтемелерді дербес белгілейді.

Өзі жазу принципі диссертацияны докторанттың өзі жазуын және диссертация авторының ғылымға, техника мен технологиялардың дамуына қосқан жеке үлесін танытады. Вариативті деректерді статистикалық іріктеу үшін **жасанды интеллектіні** қолдануға рұқсат етіледі.

	«Өзбекәлі Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университет» КЕАҚ	
	Сапа менеджменті жүйесі «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстарды тексеру туралы ереже	13 беттің 11-беті

А қосымшасы (міндеті)

№	Қабылдау формасы және нұсқаулығы
1	Студенттердің және магистранттардың жұмысы тек әр кафедраның нормабақылаушы почтасына қабылданады.
2	Microsoft Word электрондық форматта қабылданады.
3	Жұмыс толық қабылданады (формула, суреттер және кестелермен).
4	Жұмыс күдікті деп табылған жағдайда, яғни (әріптер алмасқан жағдайда Ъ,і,а, Интервалы, микропробелдер (·) мен ақ белгілерде) манипуляция жасалған жағдайда справка берілмейді.
5	Диплом алды қорғаудан кейін әр кафедраға 1 – ші және 2-ші тексеруге кесте бойынша тексеруге рұқсат беріледі.
6	Жұмысты уақытылы тапсырмаған және қате жіберілген жағдайда қайта лимит берілмейді.
7	Студенттердің және магистранттардың жұмысы Microsoft Word электрондық форматта титульный бет, кіріспеден басталып қорытындымен қоса қабылданады.
8	Жұмысқа жасалған сілтеме өзіне – өзі (самоцитирование) 3% қабылданады

